



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2022 жылғы 16 – 23 желтоқсан аралығындағы
жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2022 жыл, 26 желтоқсан

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 23 желтоқсанда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 1,4%-ға (468,56-дан) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 461,97 теңге деңгейінде қалыптасты.



Сыртқы валюта нарығында 2022 жылғы 16 – 23 желтоқсан аралығында бірқатар маңызды оқиға орын алды. АҚШ доллары аптаның ортасында АҚШ ФРЖ-ның мөлшерлемені одан әрі көтеруі рецессияға әкелуі мүмкін деген алаңдаушылыққа байланысты қысымға ұшырады. 22 желтоқсанда АҚШ Конгресінің Сенаты 2023 қаржы жылына арналған 1,7 триллион АҚШ доллары көлеміндегі федералды бюджет жобасын мақұлдады. Оның 45 миллиард АҚШ доллары Украина мен Вашингтонның НАТО-дағы одақтастарына көмекке жіберілетін болады. Бұл факторлар негізінен дамушы нарықтар валюталарының оң динамикасына әкелді.

Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының динамикасы¹ төмендегідей қалыптасты:



- **Оңтүстік Африка ранды** Президент Сирил Рамафостың басқарушы Африка ұлттық конгресінің көшбасшысы лауазымына қайта сайлануы аясында 3,7%-ға (17,68-ден 17,02-ге) нығайды;
- **Бразилия реалы** 2,8%-ға (5,31-ден 5,16-ға дейін) нығайды. Бейсенбіде Бразилия Конгресі елдің бюджеттік қағидаларын өзгертуге бағытталған шығыстар туралы заң жобасын мақұлдады. Келесі жылы бюджет шығыстарының шегі 145 миллиард реалға ұлғайтылатын болады;
- **Мексика песосы** жаһандық тәуекел сентиментін қалпына келтіру аясында 2,1%-ға (19,78-ден 19,37-ге дейін) нығайды;
- **Түрік лирасы** 0,2%-ға (18,69-ден 18,66-ға дейін) нығайды. Бейсенбіде Ақша-кредит саясаты комитеті негізгі мөлшерлемені болжамға сәйкес 9% деңгейінде қалдырды.
- **Индонезия рупиясы** іс жүзінде өзгерген жоқ, 15 598-ден 15 593-ке дейін нығайды. Индонезия Банкі 2022 жылдың соңына қарай жалпы инфляцияның 5,4%-ға дейін баяулауы күтіледі деп мәлімдеді. Бұл өз кезегінде ақша-кредит саясатының қатаңдау қарқынын бәсеңдетеді;
- **Үнді рупиясы** бір апта ішінде өзгерген жоқ (82,87-ден 82,87-ге дейін). Үндістанның Резервтік банкінің басшысы ақша-кредит саясатындағы мерзімінен бұрын үзіліс қымбатқа түсетін қателік болады деп мәлімдеді. Ақпанда мөлшерлеме тағы өсуі мүмкін;

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары

- **Ресей рублі** ЕО-ның санкцияларына байланысты мұнай жеткізілімдерінің нақты көлемінің төмендеуі аясында 8,6%-ға (64,65-тен 70,2-ге дейін) әлсіреді. Бұл ретте, Ресейдің төлем балансы оң болып қалды.



Дамушы елдер валюталарының динамикасы
(2022 жылғы 9 желтоқсан = 100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері келесідей телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press.nationalbank.kz

www.nationalbank.kz